Құрметті әріптестер!

«Әскерилендірілген темір жол күзеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшылығы атынан және жеке өзімнің атымнан Сіздерді ***Әскерилендірілген теміржол күзетінің құрылған күнімен құттықтаймын!***

Әскерилендірілген теміржол күзетінің тарихы сан тараулы - Біз елімізбен, темір жолдармен бірлесе отырып, ерлікке, еңбек нәтижелеріне және жеңістерге толы ұзақ әрі күрделі жолдан өттік.

Жетістіктерімізді сақтау және одан әрі көбейту үшін бай дәстүрлерге толы тарихымызды есімізде сақтаймыз әрі мақтан тұтамыз!

Серіктестігіміз Қазақстан Республикасындағы мыңдаған қызметкерлер жұмыс істейтін ұжымы, дамуының көпжылдық тарихы және әйгілі еңбек жетістіктері бар, ірі күзет ұйымы болып табылады.

Ұжымның теміржол көлігінің тасымалданатын жүктерінің және күзетілетін объектілерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша бірлескен жұмысының арқасында Серіктестігіміз теміржол саласының дамуына және Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына қомақты үлес қосып отыр.

«Әскерилендірілген темір жол күзеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің барлық қызметкеріне шын жүрегіммен зор денсаулық, мол бақыт, отбасыларына амандық және кәсіби сәттіліктер тілеймін. Өмірлеріңізде - қуанышты әрі махаббатқа толы сәттер көп болсын, жұмыстарыңызда - әріптестеріңіздің, қызметкерлеріңіз бен серіктестеріңіздің түсіністігі мен сенімділігі арта берсін.

Құрметпен,

«Әскерилендірілген темір жол күзеті» ЖШС Бас директоры ***Б. Наханов***

Нұр-Сұлтан қаласы,
2020 жылдың 09 желтоқсаны